

ҚАБЫРШАҚТЫЛАР

Қабыршақтылар (*Squamata*) – бауырымен жорғалаушылар класының бір отряды.

Бұлар жер шарында кең тараған (тек Антарктидада кездеспейді). Қабыршақтылардың 6600-дей түрі белгілі, олар 3 отряд тармағына (кесіртке, жылан және амфисбендер) бірігеді. Амфисбендер (*Amphisbeanica*) – кесірткелерге жақын жануарлар. Бұлардың 23 туысқа бірігетін 140 түрі бар, негізінен, Оңтүстік және Орта Америкада, Батыс Азияда тіршілік етеді. Қабыршақтылардың дене пішіні әр түрлі мүйізді қабыршақтармен және қалқандармен жабылған. Олардың астында сүйек қатпарлары орналасады. Басының самай сүйегі дамымай қалған (редукцияланған). Үстіңгі жақтың шаршы сүйегі бас сүйек қабымен қозғалмалы түрде байланысқан. Қозғалмалы қабақ кесірткелерге тән, ал жыландардың қабақтары мөлдір, олар бір-бірімен бірігіп кеткен. Аталықтарында көбею мүшелері жұп болады. Қабыршақтылардың жұмыртқаларының жұмсақ жарғақ тәрізді қабығы болады. Қабыршақтылардың биоценоздағы рөлі зор, а. ш. на зиянды жәндіктер мен ұсақ жануарларды жеп пайда келтіреді, уынан дәрілік препараттар алынады.

ҚОЛТЫРАУЫНДАР ОТРЯДЫ

Қолтырауындар немесе Крокодилдер
отряды (лат. *Crocodylia*, гр. *κροκόδειλος* -
малта тастай құрт) — бауырымен
жорғалаушылардың архозаврлар класы
тармағының отряды.

Қолтырауындардың тұрқы

- Дене пішіні кесірткелерге ұқсас. Қолтырауындардың қазіргі кезде 23 түрі мен түр тармақтары бар. Қолтырауын 3 тұқымдасқа (аллигаторлар, гавиалдар және нағыз қолтырауындар) жіктеледі. Олар Африкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда, Солтүстік Австралияда және Жаңа Гвинея аралдарының өзен сағалары мен теңіз жағалауына жақын жерлерде, көпшілігі тропиктік және субтропиктік ендіктердегі тұщы су айдындарында (өзен, көл) тіршілік етеді.

Қотырауын

- Тәуліктің көп мезгілін суда өткізеді. Денесінің ұзындығы 2 – 7 метр Басы жалпақ, тұмсығы ұзынша. Миының дамуы бойынша қолтырауын басқа бауырымен жорғалаушылардан жоғары сатыда тұр. Көру және есту органдары жақсы жетілген. Көздері мен танау тесіктері бас сүйегінен едәуір жоғары қарай шығыңқы. Ауыз қуысында екінші реттік таңдай пайда болған. Артқы аяқтарындағы саусақтарының арасында терілі жарғағы бар. Терісі тығыз, ірі мүйізше қалқандармен қапталған, оның астында сүйекті тақташалар (остеодермалар) орналасқан. Қолтырауынның басқа бауырымен жорғалаушылардан ерекшелігі – жүрегі 4 камералы (қуысты). Өкпесі үлкен әрі күрделі құрылысты. Қуығы жоқ.

Қолтырауындардың ұрықтануы және қаупі

- Қолтырауындар жыныстық жағынан 8–12 жылда жетіледі. Аналықтары 20–100-дей жұмыртқасын су жағалауындағы құмның немесе батпақтың шіріген жапырақтары мол жерлерге көмеді. Кейбір түрлерінің (Миссисипи аллигаторының) жұмыртқасынан 63 күнде, ал Ніл қолтырауынының жұмыртқасынан 3–4 айда ұрпақтары шығады. 50–85 жылдай тіршілік етеді. Балықтармен, судағы омыртқасыз жануарлармен, кейде құстармен, сүтқоректілермен де қоректенеді.

Тасбақалар

- **Тасбақалар** (лат. Testudines) – бауырымен жорғалаушылар отрядының бірі. Триас кезеңінен белгілі, котилозаврлардан шыққан деген пікір бар. Қазір тіршілік ететін Тасбақалардың 250-ге жуық түрін 12 тұқымдасқа, 2 кейде 5 отряд тармағына біріктіреді. Тасбақалар барлық құрлықтарда (тек Антарктидада кездеспейді), негізінен тропиктік және субтропиктік аймақтарда таралған, әр тұқымдастың өзінің таралу орталықтары мен көбірек кездесетін жерлері бар. Тасбақалар ыстық шөлді жерлерді, тропиктік ормандарды, тау беткейлерін, өзен, көл, батпақ, елді мекендер маңын, теңіз жағалауларын, мұхиттарды мекендейді. Суық және құрғақшылық кезде қысқы, кейде жаздық ұйқыға кетеді.

Тасбақалар

- Тасбақалары негізінен өсімдік қоректі; тұщы су Тасбақалары балықтармен, қосмекенділермен, омыртқасыз жануарлармен қоректенеді. Тіпті бірнеше айдай қоректенбеуі де мүмкін. Құрлықта шағылысады (бір немесе бірнеше жүз жұмыртқа салады). Жыныстық жағынан 2 – 3 жасында жетіледі. Кейбір түрлері жылына 3 рет, кейде одан да көп жұмыртқа салады. Шар немесе эллипс тәрізді жұмыртқаларының сырты әктасты қабыршақпен (құрлық тасбақаларында), не терілі жабынмен (тұщы су тасбақаларында) жабылған. Инкубация кезеңі көпшілік түрінде 2 – 3 ай (піл тасбақаларында 6 – 7 ай). Табиғи жағдайда 150 жылдай тіршілік етеді.